


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
имени АЛЬ-ФАРАБИ

БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ



**ЖАТКАНБАЕВ**  
**Ержан**  
**Байгожаевич**

АЛМАТЫ 2004

ЖАТКАНБАЕВ  
ЕРЖАН  
БАЙГОЖАЕВИЧ

*Биобиблиографический указатель*

Алматы  
"Қазақ университеті"  
2004

*Ответственный редактор:*

***З.А.Мансуров***

*Составитель:*

***Г.С.Коурдакова***

*Редакторы:*

***Е.Д.Абулкаирова, Г.С.Коурдакова***

**Жатканбаев** Ержан Байгожаевич: Библиографический указатель. Сост. Г.С.Коурдакова. Алматы: Казак университеті, 2004. 102 с.



*[Handwritten signature]*

## АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетінің деканы, Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп Академиясының академигі, халықаралық минералдық ресурстар Академиясының корреспондент-мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ержан Байғожаұлы Жатқанбаевқа арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Жарияланған еңбектер әрбір жыл көлемінде мерзімдік тәртіппен орналасқан: әуелі қазақша, одан кейін орыс және ағылшын тілдерінде.

Қарауға мүмкіншілік болмаған мақалалар *de visu* жұлдызшамен белгіленген.

Оқырмандар пайдалануына ыңғайлы болу үшін авторлардың аты-жөні және әліппелік көрсеткіш қосымша беріліп отыр.

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель трудов является продолжением серии библиографий ученых Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Библиография посвящена члену-корреспонденту Международной академии минеральных ресурсов, члену-корреспонденту Академии Высшей школы Республики Казахстан, доктору экономических наук, профессору Жатканбаеву Ержану Байгужаевичу.

Указатель включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность профессора Е.Б.Жатканбаева, его публикации.

Публикации расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года по алфавиту. Для удобства пользования в конце указателя приведен именной указатель соавторов, в котором ссылки даются на порядковые номера работ.

Материалы, не просмотренные *de visu*, отмечены звездочкой.

## ЕРЖАН БАЙҒОЖАҰЛЫНЫҢ ӨМІРІНІҢ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ САЛАДАҒЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БЕТТЕРІ

1944 жылы қаңтар айының 31-жұлдызында Алматы облысы Талғар ауданы Бесқайнар (бұрынғы Горный Садовод) ауылында дүниеге келген.

1951-1961 жж. мектепте оқыды.

1961-1962 жж. Горный Садовод совхозында қызмет атқарды.

1962-1963 жж. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінде оқыды;

1963-1968 жж. М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің экономика факультетінде оқыды;

1968-1971 жж. М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті экономика факультетінің саяси экономия кафедрасының аспиранты болды.

1971-1979 жж. Жамбыл технология институтының Алматыдағы филиалының саяси экономия кафедрасында ассистент болды.

1979 ж. М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті экономика факультетінің диссертациялық кеңесінде кандидаттық диссертация қорғады.

1979-1984 жж. Қазақ КСР Жоғары оқу орындарының министрлігінде инспектор болды.

1984-1985 жж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жаратылыстану факультетінің саяси экономия кафедрасында аға оқытушы болып қызмет атқарды.

1985-1987 жж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жаратылыстану факультетінің саяси экономия кафедрасында доцент болды.

1987-1988 жж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жаратылыстану факультетінің саяси экономия кафедра меңгерушісі болды.

1988-1990 жж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жаратылыстану факультетінің саяси экономия кафедрасында аға ғылыми қызметкер болды.

1990-1991 жж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жаратылыстану факультетінің саяси экономия кафедрасында доцент болды.

1995 ж. Бішкек қаласында " Закономерности формирования смешанной экономики" тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

1991-1997 жж. әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті экономика және социология факультетінің деканы.

1997 ж. профессор ғылыми атағын иеленді.

1997-1999 жж. әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде Халықаралық байланыс және тілдер бойынша проректор, экономика және заң институтының директоры болды.

1999-2001 жж. әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде проректор болып қызмет атқарды.

2001 жж. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультеті деканы болып қызмет атқарды.

#### **ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И НАУЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА Е.Б. ЖАТКАНБАЕВА**

Родился 31 января 1944 года в селе Бескайнар (ранее с/з Горный Садовод Талгарского района Алматинской области).

1951-1961 гг. учился в школе.

1961-1962 гг. работал в совхозе Горный Садовод.

1962-1963 гг. учеба на экономическом факультете КазГУ им. С.М.Кирова.

1963-1968 гг. учеба на экономическом факультете Московского государственного университета им. М.В.Ломоносова.

1968-1971 гг. аспирант кафедры политэкономии экономическо-го факультета МГУ им. М.В.Ломоносова.

1971-1979 гг. ассистент кафедры политэкономии Алматинского филиала Джамбулского технологического института легкой и пищевой промышленности.

1979 г. защитил кандидатскую диссертацию на диссертационном совете экономического факультета МГУ им. М.В.Ломоносова.

1979-1984 гг. инспектор Минвуза Каз.ССР.

1984-1985 гг. старший преподаватель кафедры политэкономии естественных факультетов КазГУ им.С.М.Кирова.

1985-1987 гг. доцент кафедры политэкономии естественных факультетов КазГУ им. С.М.Кирова.

1987-1988 гг. исполняющий обязанности зав.кафедры политэкономии естественных факультетов КазГУ им. С.М.Кирова.

1988-1990 гг. старший научный сотрудник кафедры политэкономии естественных факультетов КазГУ им. С.М.Кирова.

1990-1991 гг. доцент кафедры политэкономии естественных факультетов КазГУ им. С.М.Кирова.

1995 г. защитил докторскую диссертацию на тему: «Закономерности формирования смешанной экономики" в г.Бишкек.

1991-1997 гг. декан факультета экономики и социологии Казахского государственного национального университета им.аль-Фараби.

1997 г. присвоено ученое звание профессор.

1997-1999 гг. проректор по международным связям и языкам, директор Института экономики и права КазГУ им. аль-Фараби.

1999-2001 гг. проректор КазГУ им. аль-Фараби.

2001 г. декан факультета международных отношений Казахского национального университета им. аль-Фараби.

## ПРОФЕССОР Е.Б. ЖАТҚАНБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСЫ ЖАЙЫНДА ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Жатқанбаев Ержан Байғожаұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп Академиясының академигі (2001 ж), халықаралық минералдық ресурстар Академиясының корреспондент-мүшесі (1997 ж), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінің деканы (2001 ж).

Жатқанбаев Ержан 1944 ж. Алматы қаласының шығысына таман орналасқан тау етегіндегі тянь-шань шыршаларын жамылған кішігірім ауылда дүниеге келген. Ауылдың өзі әр кездері әрқалай аталған: Прямая щель учаскесі, одан соң Горный садовод совхозы, ал қазір Бесқайнар аталады. Бірақ жергілікті тұрғындарға бұл берекелі аймақ әліге дейін Жатқанбай жайлауы ретінде белгілі. 30-шы аштық жылдарында көптеген жақын жандарын жоғалтқан Байғожа мен Түнсұлу жастары ұлғайған шақта көрген Ержанға барлық ата-аналық мейірлерін төккендіктен, ол бұла өсті. XX-ғасырдағы соғыс жылдарынан кейін ауылда мектеп жасына дейінгі балалар саны аз болғандықтан, олардың әрқайсысы үлкендердің жалпы сүйікті балалары болды. Осындай берекелі де мерейлі жағдайда болашақ тәуелсіз Қазақстанның - тәуелсіз, қалтқысыз, ашық, кез-келген адамға әрқашанда көмек беруге даяр тұратын азаматы қалыптасты.

1951 жылы №104 бастауыш мектепке барып, бітіргеннен кейін үлкен ұлы дүниеге келгенше оның интернат, пәтер, жатақхана арасындағы кезбе өмірі басталды.

1961 ж. ол Калинин колхозындағы (қазіргі Тұздыбұлақ ауылы) мектепті бітіріп, одан кейін туған ауылында жұмысшы болып істеді.

1962 ж. ҚазМУ-нің экономика факультетіне оқуға түсіп, Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі тарих пәнінің мұғалімі Надежда Ивановнаның берген білімінің арқасында 1 жылдан соң көптен аңсаған арманы орындалып, оны оқу үздігі ретінде М.В. Ломоносов атындағы ММУ-нің экономика

факультетінің 2-ші курсына ауыстырды. Ержан ММУ-де өз бойына құмарлықпен білімді ғана емес, көне университетте үстемдік еткен рухани ерекшеліктерді де сіңіре алды. Ол көптеген орыстың ұлы ғалымдары, ақындары, жазушылары таптап өткен босағалар мен баспалдақтарда жүріп, олар білім алған аудиторияларда оқыды. Бұл Моховой мен Герцен көшелерінің қиылысында орналасқан ғимарат. Ол Н.А.Цаголов, В.В.Куликов, Н.В.Хессин, В.П.Шкредов, В.Н.Черковец, Валентей, Массарыгин сияқты көрнекті кеңестік экономист-ғалымдардың лекцияларын тыңдады.

Мәскеу университетінде әрқашан бостандық рухы үстем болды, және біз хрущевтен кейінгі кезеңде оқып, Мәскеу ғалымдарының арасында қызу талқыланып жатқан өзгерістерді күттік. Студенттер үшін конференциялар мен кездесулер есігі ММУ-нің қабырғасында ғана емес, СССР ҒА Ғалымдар үйінің және де басқа Мәскеу жоғары оқу орындарында да ашық болды. Университет жатақханасының холлына студенттермен кездесуге академик К.В.Островитянов сияқты кеңес экономика саласының ойшылдары да келетін. Жатақханада бұрынғы кеңес үкіметінің түкпір-түкпірінен келген студенттер тұратын, оларды көрнекті ғалымдардың қарапайымдылығы таң қалдыратын.

Академик К.В.Островитянов және ММУ-нің кафедра меңгерушісі Н.А.Цаголовпен кездесулер мен профессор В.В.Куликовпен тікелей жұмыс істеуі бозбалаға ұмытылмастай әсер қалдырды. Олардың қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, оппонентін тыңдай білулері мен ақиқат жолында бағдар берулері ол үшін өмірлік сабақ болды.

Жылдар өтіп жатты, студент, одан кейін ММУ-нің аспиранты Е.Жатқанбаев Жамбыл технологиялық институтының жеңіл және тамақ өнеркәсібінің Алматы филиалы саяси экономия кафедрасының ассистенті болды. Мұнда оған тағы да кафедра меңгерушілері С.О.Омаров, К.Б.Бижанов, филиал директоры М.Е.Ескаиров сияқты қайырымды да ықыласты жандар кездесті. Ержан Байғожаұлы Қазақстан Орталық Комитеті Компартиясының ғылым және білім бөлімінің меңгерушісі С.У.Жандосовпен бірінші кездескенін

масаттана есіне алады. Кафедра доцентінің бірі өзінің қызметтесіне Орталық Комитетке шағым жазады. Санжар Оразұлы кафедраға телефон шалып, сабақ кестесін біліп, үстінен шағым түскен доценттің лекциясына қатысу үшін филиалға жаяу келеді. Лекцияға барлық сабақтарынан бос кафедра мүшелері, сонымен қатар шағымданушы да қатысады. Лектор қорқыныш пен толқушылықтан лекциясын қоңырау соғылуынан 15 минутқа ерте бітіреді, және бәрі жазалау мен сөгіс берілуін күтеді. Санжар Оразұлы, жағдайды сезіп, тыңдалған лекцияның мазмұндық және әдістемелік аспектілерін егжей-тегжейлі талқылап, қорытындысында жағымды баға берді. Барлығы жеңіл дем алды. Кафедраның барлық мүшелері, лектор және шағымданушы да Санжар Оразұлының ақылды іс істегенін түсінді. Осыдан әрі қарай кафедра мүшелері бір-біріне ықыласпен қарап, студенттермен өтілетін сабақтардың сапасын арттыруды көздеді.

1979 жылы Е.Б.Жатқанбаев ҚазССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігіне қоғамтану ғылымын оқыту басқармасына инспекторлық қызметке шақырылды. Ол Қазақстан Жоғары оқу орындарында саяси экономияны оқыту мен тәрбие жұмысын жүргізуді басқарды. Бұл оған жетекші профессорлармен, қоғамтану оқытушыларымен танысуға, республикадағы жоғары оқу орындарындағы қоғамдық кафедра жағдайларымен танысуға мүмкіндік берді. Қоғамтану ғылымын оқытуда Мәскеу, Ленинград танымал оқу орталықтарында қолданылатын жаңалықтарға біздің оқытушылардың да қол жеткізе алатынын көрді. УПОН-да жұмыс істеу Жатқанбаевтың білімін әдістемелік аясында ғана емес, жоғары оқу орындарында, сонымен қатар деканат, кафедрада іс жүргізуді кеңейтіп, әріптестерінің ғылыми оқу әдістемелік ортаға деген қызығушылығын білді. Ол бейтаныс адамдармен тез жанасып, тіл табыса алатын, өз дайындығының деңгейін көрсетіп, күрделі жағдайларда жөн таба білетін, сонымен қатар ұйымдастыруға да қабілетті болды.

Жатқанбаевтың қабілеттілігін бағалай отырып, ҚазМУ-нің саяси экономия кафедрасының меңгерушісі, профессор В.Н.Пуриц оны кафедраға жұмыс істеуге шақырды. Сол

уақыттан бері Жатқанбаевтың өмір жолы мен қызметі біздің университетпен байланысты. Доцент, кафедра меңгерушісінің орынбасары қызметін атқара жүріп, ол 1988 жылы Мәскеуге сынақ ісімен барып, докторлық диссертациясының тақырыбын да анықтап келді. 1989 ж. ол кафедрада өз жұмысының бірінші жобасын талқыға салды, ал 1 жыл бұрын ҒА СССР ИНИОН “Социализмдегі коллективті шаруашылық” атты 8 б.т. көлеміндегі монографиясын тіркелтті.

Өзінің бірінші монографиясында Жатқанбаев еңбек бөлінісінің қоғамдық дамуын топтастырып және осының негізінде қоғамдық еңбек мінездемесіндегі ұжымдық қалыптастыру заңдылықтарын айқындайды. Автордың пікірінше, егер колхоз жеке адамдардың еңбек күштерінің біріккенінен пайда болса, онда техниканың дамуы және өндіріс технологиясы бірлескен еңбек күші қоғамдық еңбек бөлінісі заңына ықпал етеді, нәтижесінде қоғамдық өндіріс ұжымдық өндіріске айналады. Жатқанбаевтың пікіріне сай қоғамдық өндірістің бұл түріне өткен экономикалық жүйеден бөлек өзіндік заң мен категориялар тән.

Доцент Е.Б.Жатқанбаевтың диссертациялық жұмысымен шұғылданду кезеңінде Совет Одағын шарпып өткен тарихи оқиғалар қатар келді. СССР Жоғары Кеңесіндегі қызу айтыс, РСФСР және СССР Компартиясының сол кездегі басшылары арасындағы билік үшін күрес шаруашылықпен айналысудың жаңа түрінің пайда болуымен және жоспарлы жүйенің күйреуімен қабаттас келді. Осының барлығы ізденушінің ғылыми жұмысы мен университеттегі қызметіне әсерін тигізбей қоймады. Осындай қалыптасқан жағдайларға байланысты Республика басшылары бұрын Қазақстанның жоғары оқу орындарында болмаған жаңа мамандықтар енгізуді талап етті, университет басшылары ауыстырылып, экономика және социология атты жаңа факультет ашылды. Факультеттің декан болу қызметі Е.Б. Жатқанбаевқа жүктелді.

Е.Б.Жатқанбаев экономика және социология факультетін еліміз тәуелсіздік алып, нарықтық қатынасқа көшкенде, яғни Қазақстан жоғары мектеп жүйесінен жаңа тәсілдер ғана емес, жаңа мамандықтар, жаңа мамандыққа мемлекеттік стандарттар,

көп деңгейлі жоғары білім жүйесін енгізу, жаңа пәндер, арнаулы курстар мен семинарлар және т.б. керек ететін кезеңде басқарды.

Жас, тәуелсіз еліміздің басшылары Кентукки университетіне (АҚШ) айлық курсқа оқуға мамандар жіберуді жөн санап, қаражат бөлді. Айтылған курсты жіберілген 30 адамның бірі Е.Б. Жатқанбаев табысты бітіріп, шетел жоғары мектебіндегі оқу процесінің ұйымдастырылуын көріп, елге оралған соң оқу процесіне жаңа пәндерді, курстарды, студентті оқыту технологиясын біртіндеп енгізе бастады. Мұғалімдер саны жеткіліксіз болды. Біріншіден, қабілетті жастар мемлекеттік қызметке немесе сауда жағына кетіп, мұғалімдер қатары тез қартая бастады. Екіншіден, профессор-оқытушылар құрамының жалақысының төмендігі дәрежелі қызметкерлердің жоғары білім жүйесінен кетуіне әкелді. Үшіншіден, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің орнауы, темір перденің түрілуі және шекараның ашылуы аса жоғары дәрежелі мамандардың көші-қондығына әкелді. Осы жағдайларда экономикалық білімнің жаңа концепциясы кадр саясатында, оқу бағдарламасында, әдістемесінде және т.б. сәйкес өзгерістер енгізілуімен құрылды. Оқытушылар қатары алғашқы кезде өз түлектерімізбен жинақталды, сонымен қатар Е.Б.Жатқанбаев тәжірибелі мамандарды да белсене тартты. Арнайы курстар мен пәндер оқытушыларын, өндірістік және диплом алдындағы тәжірибе, диплом жұмысы мен бітіру жұмысы жетекшілерін жұмысқа тартуда Алматыда барлық министрліктер, ведомствалар, республика парламентінің орналасқаны үлкен тартымды роль атқарды. Кеңесші, сыртқы экономикалық байланыс министрінің орынбасары, кейіннен министр қызметін атқарған профессор Х.А.Оспановтың көрсеткен үлкен көмегін осы жерде айта кеткеніміз жөн.

Е.Б.Жатқанбаев сыртқы экономикалық байланыс саласында мамандардың жетіспеушілігінен үздік оқитын студенттер қатарынан мамандарды мезгілінен бұрын бітірту бастамасын көтереді, бұл бастама ректорат пен министрлік тарапынан қолдау тапты. Бұл жұмыс барысында оған үлкен көмек көрсеткен кафедра меңгерушісі А.Б.Ержанов және 4 жылдық

оқу бағдарламасын үш жылда орындаған, “халықаралық экономикалық қатынастар” мамандығы бойынша диплом алған алғашқы 16 адам. Қазір бұл түлектер банктер мен басқа да мекемелерде жауапты қызметтер атқарады, ал Сағындықова Ғалия 2001 жылы Калифорния университеті магистратурасының маңдай алды түлегі болды.

Декан ретінде ол 1992 жылы Бүкіләлемдік банктің экономикалық даму институтында үкімет пен банк басшыларының қолдауымен курс өткізу бастамасын көтерді. Кейініректе осы курс тыңдаушылары арасынан қабілетті мамандар шықты. Олар ғылым докторлары, профессорлар, кафедра меңгерушілері болды, олардың бірі қазіргі Білім және ғылым министрі Құлекеев Жақсыбек. Е.Б.Жатқанбаев М.М.Изжановпен және Италияның сыртқы сауда министрлігі мен Қазақстан үкіметі басшыларының қолдауымен маркетинг курсына ұйымдастырды, 17 үздік тыңдарман кейінірек бұл курсты Миланда, Туринде, Генуяда (Италия) жалғастырды. Декан ретінде ол өз түлектерін және оқытушыларды білім деңгейлерін көтеруге, шет тілін үйренуге, жаңа пән мен мамандықты игеруге итермеледі. Факультет оқытушылары КИМЭП-те, Қазақ экономикалық университетінде және басқа да оқу орындарында ұйымдастырылған курстарға қатысты.

Е.Б.Жатқанбаев өз білімін әрдайым шыңдап, ұстаздық дәрежесін көтеріп отырады. Осы мақсатпен ол Кентукки (АҚШ) және Линкольн қаласындағы Небраска университетінде болып, Алматы және Бішкек қаласындағы қызметтестерімен экономика пәндерін оқыту тәсілі бойынша видеокассета шығарды.

1995 жылдың ақпан айында ол Қырғызстанның ғылыми ұлттық академиясында докторлық диссертациясын қорғап, 1997 жылы профессор атағын алды. Оның докторлық диссертациясы теориялық және методологиялық тұрғыдан мамандармен жоғары бағаланды. Жұмыста маңызды орынды экономикалық жүйені зерттеу методологиясы мен экономикалық құбылыстарды тану сатысы алды. Теоретикалық тұрғыдан ғылыми құндылық болып қайта жаңғырған экономикалық жүйенің өндірістегі бұрынғы тәсілінің қолданылатын орнын

анықтау, және осы негіздегі аралас экономиканың қалыптасуы саналады.

Жоғары экономикалық білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасуы кезеңінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттердің жетіспеушілігі байқалды. Е.Б.Жатқанбаев факультет студенттеріне барлық пәндерден керекті оқулықтарды басып шығару мен оларды көбейтіп тарату үшін оқу-әдістемелік лабораториясын ұйымдастыруды ойластырды. Лаборатория біртіндеп компьютерлермен, ксерокспен, ризографпен жабдықталып, күндізгі және сырттай оқитын студенттер үшін тапсырыстармен жұмыс істей бастағандықтан, университет баспаханасымен бәсекеге түскендей болды. Оқытушылар лабораторияға тек қолжазбаларын ғана әкеліп, басылған жұмысты шығару алдында тексеретін. Лаборатория өнімдері студенттер үшін, әсіресе сырттай оқитын студенттер үшін үлкен демеу болды. Бұл жерде пән бағдарламалары, пән тізімі бойынша курстық оқу жоспары, тест сұрақтары, ауызша емтихан үшін бағдарламалық сұрақтар және т.б. басылымдар шықты. Сонымен қатар пәндер бойынша түсініктер анықтамалығы мен міндетті және қосымша әдебиеттер тізімі берілетін.

Е.Б.Жатқанбаевтың қызметіндегі маңызды жай экономика пәні бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын шығару болды. Бірнеше жетекші профессорлар мен доценттер “Экономикалық теория негіздері” оқулығын жазып, оны 1998 жылы “Санат” баспасында жарыққа шығарды. Бұған дейін ол өзі 1996 жылы “Аралас экономика негіздері” оқу құралын шығарды, “Сорос-Қазақстан” қорының қолдауымен Р.Елемесовпен қосылып 1997 жылы “Мемлекет және нарық” оқу құралын басып шығарды, бұл оқу құралы “Мемлекеттік және жергілікті басқару” мамандығы студенттеріне жақсы сүйеу, яғни көмекші болды. Осы жылы Қазақстан экономикалық білімі тарихында бірінші рет “Экономикалық ілімдер тарихы” оқу құралы авторлар ұжымымен басылып шығарылды. Бұл басылымға Е.Б.Жатқанбаев бастаушы болса, басылымның редакторлары ретінде С.А.Досқалиев және Р.Е.Елемесов үлкен үлестерін қосты.

1997 жылы Е.Б.Жатқанбаев әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің проректоры бола тұрып, оқулықтар мен оқу құралдарын жазып шығаруды жалғастырады. Жаңа қызметте бұл іске тек экономистерді ғана емес, философтарды, заңгерлерді, халықаралық қатынас факультеттерін де тартады. Бұл істе ол университетке Түркия филиалынан түскен ақшалай қаражатты авторлардың қажетті оқу-әдістемелік құралдар жазып шығару ынтасын арттыру үшін пайдаланды. Осы акция нәтижесінде ҚазМУ-де 50-ден астам оқу құралдары жазылып, олардың басым көпшілігі Анкарада басылып шығарылып Түркия студенттері қолданды. Бұл ҚазМУ-нің студенттері үшін халықаралық қатынастар, заң, философия және саясаттану факультеттері оқытушыларына оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруға негіз болды. Олар тек “Қазақ университеті” баспаханасында шығарылып қоймай, сонымен қатар “Дөнекер”, “Жеті жарғы” баспаларында да жарық көрді.

Профессор Е.Б.Жатқанбаев әкімшілік жұмысбастылығына қарамай, студенттер қажет ететін оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, басылымға жіберу жұмысын жігерлене жалғастырды. Ол өзінің қызметтестерімен бірігіп “Қазақстан Республикасындағы кеденді-тарифтік реттеу” (“Қазақ университеті”, 2000 жыл) оқу құралын профессор Л.Ф. Суховамен, “Мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудың теориясы және практикасы” Оқу құралы. Алматы, 2001 жыл (Мұқтарова Қ.С., Лесбеков Ф.Ә.), “Халықаралық экономикалық қатынастар”: Оқу құралы, Алматы, 2001 ж. Р.Е.Елемесовтың редакциялауымен, “Экономикадағы ғылыми зерттеулердің әдістері” (Нәрібаев К.Н. және Мұқтарова Қ.С.), қазақ және орыс тілдерінде, Алматы, 1999 ж. оқу құралдарын басып шығарды. Осы жылы ол аспиранттар мен магистранттарға арнап “Экономикалық зерттеудің әдістемелігі” оқу құралын жазып, басып шығарды.

Пәндердің типтік бағдарламасына жетекшілік етуі профессор Е.Б.Жатқанбаев қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Бірінші типтік бағдарламаға 1995 жылы шыққан “Экономикалық теория” курсы бағдарламасы жатады, соңынан (одан кейін) социология пәндері бойынша бірнеше

бағдарламалар басылып шығарылды, оқу-әдістемелік ұйымының жетекшісі ретінде осындай бағдарламаларды университеттің басқа факультеттерінің оқытушыларынан да талап етті. Осындай сүбелі еңбектің арқасында екі жылдың ішінде университет мамандықтарының 300-ге жуық пәндері бойынша типтік бағдарламалар басылып шықты. Бұл типтік бағдарламалар Қазақстан университеттерінің оқытушылары мен студенттері үшін үлкен қазына болды. Оларға деген сұраныс Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарын аттестациядан өткізу кезінде туындады.

Профессор Е.Б.Жатқанбаевтың қызмет ағымына ғылыми-әдістемелік конференцияларын ұйымдастыру мен өткізу, оған қатынасу және баяндама жасау да қатысты болды. Мінбеден сөйлеген сөзін тыңдарман қауым елендей тыңдайтын, ол мәселені күтпеген қырынан, күнделікті сұрақтар тәрізді тосыннан қоятын. 2000 жылы жыл сайын өткізілетін 30-шы торқалы ғылыми-әдістемелік конференциясында ол өз баяндамасын шетке қойып, оқу процессіндегі экономика барысы туралы сөз қозғады. Ол бұл мәселе туралы сөз етіп қана қойған жоқ, 12 экономикалық мамандықтардың жаңа стандарттық оқу жоспарын құруда жетекшілік те етті. Барлық пәндердің әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану ғылыми және фундаментальді блоктары бойынша оқу жоспарларын ретке келтіру нәтижесінде Экономика және құқық институтының тек экономика бөлімінде ғана 90 шамасындағы оқытушылардың қаржысы үнемделді.

Е.Б.Жатқанбаев “Мыңжылдық қарсаңында жоғары оқу орындарындағы білім, ғылым және экономика” тақырыбына арналған словак ғалымдарының ұйымдастыруымен Татранси Ломницы демалыс ауданында өткен халықаралық конференцияға қатысты (2000 ж., 21-25 тамыз). Келген соң ол ҚазМУ-нің спорттық-сауықтыру лагері негізінде Ыстық көлде Қырғыз ұлттық университеті мен Ресей Федерациясы ұлттар достығы университетімен бірге ғылыми-әдістемелік конференция өткізуді ойластырды. Бұл ой қолдау тауып, 2001 жылдың тамызында “Философиялық, экономикалық және ғылыми-әдістемелік мәселелердің дамуы және жоғары білім

ұлттық жүйесінің интеграциясы” тақырыбына ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Бұл конференцияға Ресей, Қырғызстан және Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарынан келген 60-тан астам адамдар қатысты.

Проректор, университеттің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі тәлімгері ретінде профессор Е.Б.Жатқанбаев 2000 және 2001 жылдар аралығында типтік оқу жоспарларын және мемлекеттік мамандықтар стандартының жаңа буынын құруда белсенді жұмыс атқарды. Университет оқытушылары 52-ге жуық жаңа буынның мемлекеттік стандартын құруға қатысып, конкурста 32 мамандық бойынша жеңіп, жеті мамандық бойынша авторлық бірлестікте болды. Мұнда Е.Б.Жатқанбаев еңбегі де аз болған жоқ.

Ол әкімшілік қызметін ғылыми жұмыспен ұштастыра білді. Оның алғашқы ірі жұмыстарының біріне ИНИОН СССР АҒ 1988 жылы жіберілген “Социализмдегі коллективтік (бірлескен, ұжымдық) шаруашылық атты” монографиясы жатады. Келесі жұмысы 1992 жылы “Аралас экономиканың қалыптасу негіздері” тақырыбында жарыққа шықты. Бұл жерде автормен Қазақстанда аралас экономиканың қалыптасу заңдылығы және экономикалық жүйені зерттеу әдістемесі саналы сыннан өтті. 1999 жылы бірлескен авторлықпен “Мемлекеттік бағалы қағаздардың нарықтық қалыптасуы” кітабы шықты, бұл кітапта алғаш рет Қазақстан Республикасында бағалы қағаздарды топтастыру мен аукциондық кірістілігін анықтау процесі сипатталады.

1995 ж. өзінің аспиранттарымен алғаш рет мемлекеттік кәсіпкерлік мәселесін қозғады, ал 2000 ж. бұл мәселеге академик А.К.Кошанов және З.А.Болатхановамен авторлық бірлестікте қайта оралды. “Мемлекеттік кәсіпкерліктің Қазақстан Республикасында аралас экономика жағдайындағы қалыптасуы” кітабын бірлесіп жазып шықты. Мұнда Е.Б.Жатқанбаевпен экономиканың жоғары айналымды дамуы және мемлекеттік кәсіпкерліктің теоретикалық мәселелері, оның қалыптасу тарихы, Қазақстандағы мемлекеттік

кәсіпкерліктің экономикадағы ролі мен қызметі тереңірек қарастырылды.

Профессор Е.Б.Жатқанбаев өзінің оқушыларымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің конкурстарына белсенді қатысып, бірнеше рет грантты ұтып алды. Осының негізінде ол ҚазМУ-нің және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің экономика институты ғылыми қызметкерлерімен авторлық бірлестікте “Шағын кәсіпкерлік: теория, әлемдік тәжірибе және Қазақстан” атты кітап жазып шықты. Шағын кәсіпкерлік тек тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету тұрғысынан ғана қарастырылмай, жалпы қоғам және экономиканың тұрақты дамуын да қамтиды.

Жатқанбаевтың ғылыми еңбектері Австралияда Балларт университетінің ғылыми баяндамасында “Equilibrium Mechanisms onal Their Rates of Growth” тақырыбымен проф. А.М.Рубинов және Е.М.Утембаевпен авторлық бірлестікте (2000 ж, наурыз), Варшава университетінде “Kazakhstan. Historia – SPLECZENSTWO-POLITIKA” кітабында, Warszawa. 2000., Агальцова Светланамен авторлық бірлестікте “The capital market” мақаласы жарық көрді. Сонымен қатар Мәскеу, Ростов на Дону, Бішкекте ғылыми мақалалары жарық көрді. Оның 120 –дан астам ғылыми жұмыстары басылып шықты.

Ол өз оқушыларына көптеген күш жігерін жұмсайды. 1995 жылдың қаңтарынан 2002 жылға дейін оның 12 аспиранттары пен ізденушілері кандидаттық диссертацияларын қорғап шықты. Бір докторанты қорғауға дайын. Ол төраға орынбасары, 3 экономикалық мамандықтар бойынша докторлық диссертация қорғау Диссертациялық кеңесінің төрағасы болды. 1993 жылдан бастап ол ҚазМУ хабаршысы, Экономика сериясы журналының редколлегия мүшесі, бас редактордың орынбасары, ғылыми редакторы. Бұл үш жыл аралығында 27 нөмірі жарыққа шықты. Журнал қоғамдық танылымға ие болды және ҚР ЖАК жарыққа шыққан мақалаларды диссертация қорғауда басылым тізіміне енгізді. Соңғы жылдары журналдың 4, одан кейін 6 нөмірі тұрақты басылып шығарылуда.

Жатқанбаевтың ұйымдастырушылық дарыны экономика және социология факультетінің деканы болып жұмыс істеу кезінде айқындалды. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің гуманитарлық факультетінде бірінші болып арнайы бағдарламаларды қолданумен оқу процесінде компьютерлік техниканы қолданды, экономика және халықаралық қатынастар мамандықтары үшін арнайы оқу залын құруға ынталанып, декан Г.Ш.Жамбатыровамен бірге магистранттар үшін арнайы оқу залын құрды. Экономика мамандықтары үшін жаңа кітаптар мен оқу құралдарын сатып алуға ниеттеніп, экономика мамандықтары үшін бірінші жылдың өзінде 500 мың теңгеге әдебиеттер сатып алынды. Профессор Жатқанбаевтың студенттер сарайы және гуманитарлық факультеттер үшін асхана кешенінің құрлысының аяқталуына қосқан үлесі жоғары.

Ол өз қызметтестерімен бірге оқу корпустарын, жатақханаларын, қонақ үйлерді қайта жабдықтауға, ҚазМУ-нің Ыстық көлдегі спорттық-сауықтыру лагерінің жатын корпусының құрылысын аяқтауға үлес қосты.

Профессор Е.Б. Жатқанбаевтың үш баласы және үш немересі бар, жұбайы Бикүл олардың тәрбиесімен шұғылданады. Қызы Айжан заң ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі. Ұлы Ерлан химия ғылымдарының кандидаты, “Coca-Cola” компаниясында қызмет атқарады. Ұлы Темірлан магистратураны тәмәмдап, аспирантураға түсті. Екі немересі мектепте оқиды, олар келешекте атасының жұмыс істейтін университетіне оқуға түсуді армандайды.

Осы кезде профессор Е.Б.Жатқанбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің басшысының жүктеуімен халықаралық қатынастар факультетін басқарады.

Елемесов Р.Е.

**КРАТКИЙ ОЧЕРК  
НАУЧНОЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
ДОКТОРА ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА  
ЖАТКАНБАЕВА ЕРЖАНА БАЙГУЖАЕВИЧА**

Жатканбаев Ержан Байгужаевич, доктор экономических наук, профессор, академик Академии Высшей школы Республики Казахстан (2001г.), член-корреспондент международной Академии минеральных ресурсов (1997г.), декан факультета международных отношений Казахского национального университета им. аль-Фараби (2001г.). Родился в 1944 году в небольшой деревушке восточнее г. Алматы у подножья гор, покрытых вечно зелеными тянь-шаньскими елями. Село носило разное название, но для местного населения этот благодатный уголок до сих пор известен как Жатканбай жайлауы. Само село в разное время называлось по-разному: участок Прямая Щель, затем совхоз Горный Садовод, а ныне называется Бескайнар. В детские годы мальчик в полной мере впитал любовь отца Байгужи и матери Тунсулу, которые в голодные 30-е годы потеряв свои многочисленные семьи и на склоне лет родив Ержана, отдали ему всю свою родительскую любовь. В послевоенные годы 20-го века в деревне было очень мало детей дошкольного возраста, и каждый из них был любимцем всей взрослой части населения. В такой благодатной обстановке формировался гражданин будущего независимого Казахстана независимый, прямой, открытый, всегда готовый прийти на помощь любому человеку.

В 1951 году пошел в начальную школу №104, по окончании которой начались его скитания по квартирам, интернатам и общежитиям, вплоть до рождения старшего сына.

В 1961 году он окончил школу в колхозе Калинина, ныне село Туздубулак, затем работал в родном селе рабочим.

В 1962 году поступил на первый курс экономического факультета КазГУ и через год исполнилась заветная мечта, которую заложила учительница истории, выпускница МГУ Надежда Ива-

новна: его перевели, как отличника учебы на 2-й курс экономического факультета МГУ им. М.В. Ломоносова. Ержан с жадностью впитывал в себя не только знания, но и дух старинного университета, который царил в МГУ. Он занимался в тех же аудиториях, ходил по тем же коридорам и лестницам, что многие великие русские ученые, поэты, писатели. Это то здание, что стоит на Моховой на углу улицы Герцена. Слушал лекции таких выдающихся советских ученых-экономистов, как Н.А.Цаголов, В.В.Куликов, Н.В.Хессин, В.П.Шкредов, В.Н.Черковец, Валентей, Массарыгин.

В Московском университете всегда царил дух свободы и мы учились в постхрущевский период и ждали перемен, которые бурно обсуждались среди ученых Москвы. Для студентов всегда были открыты двери на конференции, встречи не только в стенах МГУ, но и в Доме ученых АН СССР и в других Московских вузах. В холлы университетского общежития для встречи со студентами приходили такие патриархи советской экономической мысли как академик К.В.Островитянов. В общежитии жили студенты из разных уголков бывшего СССР и их поражала простота выдающихся ученых.

Встречи с академиком К.В.Островитяновым, зав. кафедрой МГУ Н.А.Цаговым, непосредственная работа с профессором В.В.Куликовым оставили неизгладимое впечатление у молодого паренька. Их простота, доступность, умение выслушать оппонента и ненавязчивое направление к поиску истины стали для него поистине жизненным уроком.

Шли годы и студент, а затем аспирант МГУ Е.Б.Жатканбаев стал ассистентом кафедры политэкономии Алма-Атинского филиала Жамбылского технологического института легкой и пищевой промышленности. Здесь вновь встретились ему добрые, отзывчивые люди — заведующие кафедрами С.О.Омаров, К.Б.Бижанов, директор филиала М.Е.Ескаиров. С восхищением вспоминает Ержан Байгужаевич первую встречу с тогда еще заведующим отделом науки и образования ЦК Компартии Казахстана С.У. Джандосовым. Один из доцентов кафедры написал жалобу в

ЦК на своего коллегу. Санжар Уразович позвонил на кафедру, выяснил расписание и пришел пешком в филиал на лекцию доцента, на которого была написана жалоба. На лекции присутствовали вместе с ним все свободные от занятий члены кафедры, в том числе и жалобщик. Лектор от волнения и страха на 15 минут раньше звонка закончил лекцию и все ожидали разноса и наказания. Санжар Уразович, почувствовав обстановку, сам начал подробно разбирать содержательные и методические аспекты прослушанной лекции и в заключении дал положительную оценку. Все облегченно вздохнули. Все члены кафедры, включая лектора и жалобщика поняли мудрость поступка Санжара Уразовича. В дальнейшем все члены кафедры стали более бережно относиться друг к другу, повысили требовательность к качеству проводимых занятий со студентами.

В 1979 году Е.Б.Жатканбаева пригласили работать в Министерство высшего и среднего специального образования Казахской ССР в качестве инспектора Управления преподавания общественных наук. Он курировал преподавание политэкономии и воспитательную работу в вузах Казахстана. Это позволило ему ознакомиться с ведущими профессорами, преподавателями-обществоведами, непосредственно ознакомиться с состоянием дел на общественных кафедрах вузов республики, периферийных вузов. Он видел доступность нашим преподавателям новшеств, которые использовались в преподавании общественных наук в признанных учебных центрах Москвы, Ленинграда. Работа в УПОН расширила знания Е.Б.Жатканбаева не только в области методики, но и в делопроизводстве вузов, в т.ч. деканатов, кафедр, он узнал круг научных, учебно-методических интересов своих коллег, стал более контактным, коммуникабельным, легче сходилась с незнакомыми людьми, показал уровень своей подготовленности, умение ориентироваться в сложных ситуациях, а также свои организаторские способности.

Оценивая положительные качества Е.Б.Жатканбаев зав. кафедрой политэкономии КазГУ профессор П.Н.Пуриц пригласил

работать его к себе на кафедру. С того времени вся жизнь и деятельность Е.Б.Жатканбаева связана с нашим университетом. Поработав в качестве доцента, зам. зав. кафедрой в 1988 году он съездил в Москву на стажировку, где уточнил тему докторской диссертации. В 1989 году он обсудил на кафедре первый вариант своей работы, а годом раньше в ИНИОН АН СССР депонировал монографию «Коллективное хозяйствование при социализме», объемом 8 п.л.

В своей первой монографии Е.Б.Жатканбаев сделал попытку обобщить развитие общественного разделения труда и на этой основе выявить закономерности формирования коллективного характера общественного труда. По мнению автора, если колхозы возникли в целях объединения трудовых усилий отдельных людей, то развитие техники и технологии производства диктует совместный труд в силу действия законов общественного разделения труда, в результате чего общественное производство преобразуется в коллективное производство. Этому виду общественного производства, по мнению Е.Б.Жатканбаева присущи свои законы и категории, отличные от предшествующих экономических систем.

Период работы над диссертационной работой доцента Е.Б.Жатканбаева совпал с историческими событиями, которые захлестнули бывший Советский Союз. Бурные дебаты в Верховном Совете СССР, борьба за власть между тогдашними лидерами Компартий СССР и РСФСР сопровождалась возникновением новых форм хозяйствования и фактическим развалом плановой системы. Все это не могло не отразиться и на научной работе соискателя, и в деятельности университета. Исходя из складывающейся обстановки руководство Республики потребовало введения новых специальностей, которых раньше в вузах Казахстана не имелось, произвело смену руководства университета, открылся новый факультет – Экономики и социологии. Должность декана факультета возложили на Е.Б.Жатканбаева.

Е.Б.Жатканбаев возглавил факультет экономики и социологии в период, когда страна, получив независимость, переходила

на рыночные отношения, что потребовала от системы Высшей школы Казахстана новые и не просто новые подходы, но и новые специальности, новые государственные стандарты специальностей, введение многоуровневой системы высшего образования, новые дисциплины, спецкурсы, спец. семинары и многое-многое другое.

Руководство молодой независимой страны сочло нужным и изыскивало средства для месячных курсов в университете Кентукки (США). В числе 30 человек Е.Б.Жатканбаев успешно прошел названные курсы, увидел организацию учебного процесса в зарубежной Высшей школе и по возвращении начал постепенно внедрять в учебный процесс новые дисциплины, курсы, технологию обучения студентов. Остро встал вопрос о педагогических кадрах. Во-первых, наиболее способные, коммуникабельные молодые люди ушли на государственную службу или бизнес и преподавательский состав довольно быстро старел. Во-вторых, низкая оплата труда профессорско-преподавательского состава привела к оттоку из вузовской системы наиболее квалифицированных кадров. В-третьих, возникновение новых независимых государств, крушение «железного занавеса» и открытие границ привели к миграции наиболее высококвалифицированных специалистов. В этих условиях создавалась новая концепция экономического образования с соответствующими изменениями в кадровой политике, учебных программах, методике и так далее.

Преподавательские кадры на первых порах формировались из числа своих выпускников, но вместе с тем Е.Б.Жатканбаев активно привлекал специалистов-практиков. В этом отношении большую положительную роль сыграло то, что в Алматы находились все министерства, ведомства, парламент республики, откуда и черпали преподавателей по специальным курсам и дисциплинам, руководителей производственной и преддипломной практики, дипломных и выпускных работ. Здесь надо отметить большую помощь профессора Х.А.Оспанова, работавшего советником, замес-

тителем министра внешнеэкономических связей, а затем и министром.

Учитывая острый недостаток специалистов в области внешнеэкономических связей, Е.Б.Жатканбаев выступил с инициативой досрочного выпуска специалистов из числа студентов - отличников, которую поддержали в ректорате, министерствах. Большую помощь в этом ему оказал зав. кафедрой, доцент А.Б.Ержанов и первые 16 человек, полностью выполнивших программу 4-х лет обучения за три года, получили дипломы по специальности «международные экономические отношения». Ныне эти выпускники занимают ответственные должности (начальники отделов, управления) в РГП банках и др. учреждениях, а Сагындыкова Галия стала лучшей выпускницей магистратуры Калифорнийского университета 2001 года.

В качестве декана он в 1992 году инициировал проведение курсов института экономического развития Всемирного банка в КазГУ, которые проводились по соглашению правительства с руководством банка. Из числа слушателей тех курсов позднее выросли способные преподаватели. Они стали докторами наук, профессорами, зав. кафедрами, а один из них стал министром (Кулекеев Жаксыбек). Затем Е.Б.Жатканбаев с М.М.Изжановым и Министерством внешней торговли Италии при поддержке Правительства Казахстана организовал курсы по маркетингу и 17 самых лучших слушателей в последующем продолжили эти курсы в Милане, Турине, Генуе (Италия). Как декан он подталкивал своих выпускников и преподавателей к постоянному повышению своей квалификации, изучению иностранных языков, освоению новых дисциплин, специальностей. Преподаватели факультета постоянно посещали курсы, организованные КИМЭП, Казахским экономическим университетом и другие.

Е.Б.Жатканбаев и сам постоянно совершенствовал свои знания, повышал педагогическую квалификацию. С этой целью он был в университете Кентукки (США), в университете Небраска в г. Линкольн, где совместно с коллегами из Алматы и Бишкека соз-

давали видеокассеты по методике преподавания экономических дисциплин.

В феврале 1995 года он в национальной Академии наук Кыргызстана защитил докторскую диссертацию и в 1997 году стал профессором. Его докторская диссертация было высоко оценена специалистами в теоретическом и методологическом плане. В работе большое место заняла методология исследования экономической системы и ступеней познания экономических явлений. В теоретическом плане научную ценность представляет определение места и роль вновь возникшей экономической системы в прежнем способе производства и на этой основе формирование смешанной экономики.

В период становления новой системы высшего экономического образования ощущалась острая нехватка учебников и учебно-методической литературы. Е.Б.Жатканбаев выступил с идеей создания учебно-методической лаборатории, где бы печатались и тиражировались раздаточные материалы по всем дисциплинам, изучаемым студентами факультета. Постепенно лабораторию оснастили компьютерами, ксероксами, ризографом и она в какой-то мере стала соперничать с издательством университета, так как работала на заказ студентов дневного и заочного обучения. В лабораторию преподаватели приносили лишь рукопись и проверяли напечатанную продукцию перед изданием. Продукция лаборатории стала хорошим подспорьем для студентов, особенно для заочников. Здесь издавались программы дисциплин, учебные планы по курсам с перечнем дисциплин, тестовые вопросы, программные вопросы для устных экзаменов и т.д. Кроме того, давались определения ключевых понятий по той или иной дисциплине, перечень обязательной и дополнительной литературы.

Важным аспектом деятельности Е.Б.Жатканбаева было создание учебников и учебно-методических пособий по экономическим дисциплинам. Несколько ведущих профессоров и доцентов написали учебник «Экономикалык теория негіздері» и издали в 1998 году в издательстве «Санат». До этого он сам единолично из-

дал учебное пособие «Аралас экономика негіздері» в 1996 году, а также совместно с Елемесовым Р., при поддержке фонда «Сорос-Казахстан» издает учебное пособие «Государство и рынок» (1997г.), которое послужило хорошим подспорьем для студентов по специальности «Государственное и муниципальное управление». В том же году впервые в истории экономического образования Казахстана было издано учебное пособие по истории экономической мысли «Экономикалық ілімдер тарихы» коллективом авторов. Если застрельщиком этого издания был Е.Б.Жатканбаев, то большой вклад сделали доцент С.А.Доскалиев и Р.Е.Елемесов в качестве редакторов издания.

В 1997 году Е.Б.Жатканбаев, став проректором КазГУ имени аль-Фараби, продолжает работу по написанию и изданию учебников и учебных пособий. На новой должности к этому делу подключает уже не только экономистов, но и философов, юристов, международных и т. д. К этому делу он привлекает денежные средства, поступающие в университет из Турецкого филиала, материально заинтересовывая авторов к написанию необходимых учебно-методических пособий. В результате этой акции преподавателями КазГУ было написано более 50 учебных пособий, основная масса которых была издана в Анкаре и использовались студентами из Турции. Это послужило основой к созданию учебников и учебных пособий и для студентов КазГУ преподавателями факультета международных отношений, юридического, философии и политологии. Они стали издаваться не только в издательстве «Қазақ университеті», но и в «Дәнекер», «Жеті жарғы» и др.

Несмотря на свою загруженность по административной работе, профессор Е.Б.Жатканбаев продолжает усердно работать по написанию и изданию учебных пособий, в которых остро нуждаются студенты. Он со своими коллегами издает учебное пособие: Таможенно-тарифное регулирование в Республике Казахстан: Қазақ университеті, 2000 г. совместно с профессором Л.Ф.Сухой; Мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудың теориясы және пратикасы: Оқу құралы.- Алматы 2001ж. (Мұқтарова К.С. и Лесбеков Ф.Ә.); Международные экономические отношения: Учебное

пособие. Алматы 2001г. под ред. Р.Е.Елемесова; Методы научных исследований в экономике (Нарибаев К.Н. и Мухтаров К.С.), то же самое на казахском языке: Экономикадағы ғылыми зерттеулердің әдістері. Алматы, 1999 ж. В том же году он пишет и издает учебное пособие для магистрантов и аспирантов: Методология исследования экономики.- Алматы, 1999.

Важным направлением деятельности Е.Б.Жатканбаева явилось руководство работами по созданию типовых программ дисциплин. Первой типовой программой явилась программа курса «Экономическая теория», изданная в 1995 году, затем были изданы несколько программ по социологическим дисциплинам и в качестве проректора, курирующего учебно-методическое объединение, он стал инициировать издание таких программ преподавателями всех факультетов университета. В течение двух лет типовые программы были изданы, примерно, по 300 дисциплинам университетских специальностей. Причем эти типовые программы дисциплин становились достоянием преподавателей и студентов всех университетов Казахстана. Острый спрос на них возник в период аттестации вузов Министерством образования и науки.

Еще одним направлением деятельности профессора Е.Б.Жатканбаева явилась организация и проведение научно-методических конференций, участие в них и в качестве докладчика. Его выступления нередко слушатели встречали настороженно, так как он ставил в них как будто бы те же повседневные вопросы, но высвечивал их с неожиданной стороны. Так, на юбилейной 30-й ежегодной научно-методической конференции в 2000 году он отложил в сторону свой доклад и стал говорить об экономике учебного процесса. Он не только говорил, но и руководил созданием новых стандартизированных учебных планов по 12 экономическим специальностям. В результате упорядочения всех дисциплин по социально-гуманитарным, естественно - научным и фундаментальным блокам учебных планов лишь на экономическом отделении Института экономики и права было сэкономлено средств на 90 единиц преподавателей.

